

2. Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1978. – 2 т. – 262 б.
3. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих Орды степей. – Алматы: Санат, 1996. – Ч. 1-3. – 655 с.
4. Кемеңгерұлы Қ. Қазақтың саяси тарихынан // Темірқазық. – 1923. – №3. – 24 б.
5. Аспандияров С. Қазақ тарихының очерктері. – Алматы, 1935. – 29 б.
6. Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1948. – Ч. 1. – С. 64.
7. Әлдибеков Ж.С. Қазақстанның XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси-құқықтық қалыптасуы және дамуының тарихи-теориялық мәселелері. Дисс. з.ғ.д.- Астана, 2010. – 315б.
8. Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации. – 1909. – №5. – С. 95.

## **ЭТАТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

*Серикбаева С.С., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.*

*Полева И.А., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы*

Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихында мемлекет адам тағдырын, қоғамды, таптарды басқаратын белсенді іс-әрекеттік күш болып табылған. Мемлекет қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөлді атқарады. Мемлекеттің мәні оның саяси жүйесінің демократиялылығымен анықталады.

Қазақстан демократиялық және құқықтық мемлекет, сонымен қатар дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуының өтпелі кезеңінде тұр. Ең алдымен азаматтық сана-сезімнің жоғарғы деңгейінің қалыптасуы және тұлғаның еркін танымының алғышарттары демократиялық қоғамды шынайы негіздейді, ол мемлекет пен қоғам қарым-қатынасын өзгертеді. Қоғам мемлекеттен бөлектенгісі және оның ісін регламенттегісі келеді. Бұл ұмтылыс құқықтық түрде бекітіледі, соның негізінде мемлекет қоғамның бір жүйесі ретінде анықталады. Заң күші мемлекеттен жоғары болғанда ғана мемлекет құқықтық болып табылады. Мемлекет феноменін, оның жүйесі мен құндылығын, құрылымының принциптері мен тиімді функциялануының механизмін, даму перспективасы мен рөлін зерттеу қазіргі таңда адамзаттық қоғамда, оны басқаруда, әлеуметтік субъектілердің құқықтық өмірі және саяси жетілдіру мәселесінің өзара байланысы мен өзара түсіністігі билікті кешенді зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Демократиялық қоғамның басында саяси ұйымдастырылған мемлекеттің құндылығы мынада – барлық кешеннің көмегімен оның институттарының алынып тасталуы, биліктің теріс жақтарының тежелуі, халық билігі, экономикалық және рухани факторлар нығайтылуы мүмкін, ал қоғам мәдениет пен өркениеттің прогрессивті қалыпта дамуына мүмкіндік алады.

Мемлекет пен қоғам қатынастары феномен ретінде бір-бірімен өзара толықтыратын және өзара бір-бірімен қарама-қайшылықта болатын маңызды қазіргі кезең мәселесін құрайды. Мемлекет және қоғам – бұл өз өмірінде болмыстың екі үлгісі ретінде, яғни бір-біріне қарама-қарсы сүрмейтін немесе бір-біріне ықпал ету арқылы ғана өмір сүре алатын құбылыс.

Қоғамда, мемлекетте адам жалпы дамуға ешбір әсер ете алмайтын тіршілік иесі ғана ма, әлде адам қоғам, мемлекет өміріндегі шешуші күш пе? Осы мәселе бойынша бірнеше ғасырға созылған ғылыми пікірталастың нәтижесінде саясаттануда этатизм деген бағыт пайда болды. Этатизм дегеніміз – мемлекетке табыну, кейбір жағдайдағы қоғам мен жеке адам бостандығына әкелетін қиянатына, зорлық-зомбылығына төзіп шексіз билікті мойындау – деп түсінік берілген болатын.

Мемлекет қоғамда саяси билік ұйымдастырған ерекше саяси ұйым үлгісі ретінде, оның өмірлік қызметін тәртіпке келтіруші және қоғамды басқаруда негізгі қызмет атқаратын тұрақты саяси жүйе мен біртұтастықта көрінеді. Өз кезегінде қоғам – бұл құқықтық теңдік, жеке бостандық қағидаларын жүзеге асыратын бастаманы қалыптастыратын қоғамдық қатынастардың жүйесі. Қоғам орталықтандырылған мемлекеттің еркі мен индивид бостандығының арасындағы мықты келістіруші звено ретінде көрінеді, себебі мемлекет дағдарысқа, құлдырау мен бей-берекеттілікке қарсы әрекет етеді және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғам өмірінің саяси құқықтық сферасындағы тереңденген қайта құрушылықтар Қазақстан мемлекеттілігінің және жалпы мемлекеттіліктің қызмет атқару бағыттарын, мемлекеттің нақты ролін,

элеуметтік бағытталуын, сипатын, табиғаты туралы ғылыми көзқарастарды қайта қарау қажеттілігін тудырады. Осы мақсатқа сәйкес «заң ғылымының барлық зерттеу құралдарын жаңаланған түрде пайдалана отырып, мемлекеттіліктің этатизм категориясын қайта нәтижелелеуді қолға алу арқылы түсінік беру қажеттілігі туындады».[1] Мемлекетті этатизм бағытында қарастыру арқылы оның бірнеше ерекшеліктерін және қоғамдық дамуындағы заңдылықтар мен қалыптасу үлгілерін көрсетуге болады.

Этатизм – бұл мемлекеттік билеудің ерекше құрылымы. Оған өз саясаты, ерекше идеологиясы, ерекше көзқарастар сәйкес келеді. Этатистік мемлекетте жалаңқай әкімшілік ету әдісі көрініс табады, яғни биліктің өкімдері қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерімен ешқандай шартсыз орындалуға жатады. Бұл мемлекеттің өкімдерін орындау ғана емес, сондай-ақ сол жолмен әрекет ету міндеттілігі беріліп отыр, яғни таңдау нұсқаларына бостандық берілмейді. Сондықтан да бұл жерде демократияның даму деңгейі төмен болу мүмкіндігін айтуға болады. Онда билік ету әдісі бойынша күштеу, күштеп басу, репрессия сияқты әдістер алдыңғы жоспарға қойылады десек болады. Этатистік мемлекеттің өзге ерекшелігі – қоғамның өмірінің барлық сфераларына апелляциясыз араласуы. Л.М. Вайсберг «этатизмді әлемдік тарихи формациядан жоғары тұратын феномен» - деп есептеуі де дұрыс. [2]

Мемлекет пайда болғаннан кейін ол ешқайда кетпейді, енді ол қоғам өмір сүріп тұрғанда ол да өмір сүреді, яғни оған қатысты этатизм көрінісі қанша өзгеріске ұшырағанмен толығымен жойылады деуге болмайды. Этатизм мемлекеттің бір ғана типіне қатысты емес, толығырақ айтсақ, көптеген немесе барлық типіне қатысты деуге болады. Мемлекеттің тарихи формацияларында этатистік құбылыстан толығымен ажыратылған деген мемлекеттілік жоқ. Бір мемлекеттілік те аз көрініс тапса, біреуінде өте жоғарғы өлшемде болады. Осыған байланысты этатизм диапазонын кең деп айтуға болады. Оның шеңберіне тотаритарлық және авторитарлық барлық режимдерді енгізуге болады. Осы жөнінде Л.М. Вайсбергтің «тотаритаризм мен авторитаризм түсінігінде әртүрлі сатылық этатизмнің көрінісі бар» [3] деп белгілеуі шынайы екендігіне көз жеткізуге болады.

Дегенмен де, барлық тотаритарлық режим этатистік мемлекет болып табылмайды, себебі этатизм құбылысы мемлекеттілікпен ғана сипатталмайды, оның саяси құқықтық санасына да, тұрғындар менталитетіне де қатысты болады. Бірақ, біз басқаларын емес мемлекеттілік контекстіндегі ерекшеліктерін қарастырамыз. Алғашқы мемлекеттердің пайда болуынан бастап қарастырсақ, бұл кездегі мемлекеттердің барлығы этатистік мемлекеттер деп айтуға болады. Олар қоғамдық өркениеттің ең төменгі өркенітілігін көрсетті, ондағы адамдырдың өзара қарым-қатынасы дөрекі түрде көрініс тапты. Сондықтан да ұзақ уақыт бойы мемлекет құрылымында этатизм үстемдігі дамыды. Ол мемлекеттіліктің ұйымдастырылуы мен қызметін жан-жақты көрсете отырып, «мемлекеттің кім» екендігін анықтады. Бұл мемлекеттілік кезеңінің этатизм рухымен рухтанған уақыты болды. Әртүрлі жағдайларда жоспардың алдында этатистік белгілердің бірі ретінде әскери тиран тұрса, бірде өзге адамдар категориясындағы құқықсыз өмір сүргендерді (құлдар) көре аламыз. Ал басқаруды орталықтандыру кезеңінде бюрократ шенеуніктерді, оларды сынаушы оппозицияны көруге болады. Жоғары да аталған белгілердің барлығы жанама саяси - құқықтық санамен мемлекеттілік те қойнауында қалыптасқанын білеміз, ол өз кезегінде әртүрлі қоғамдық ойлар желісі мемлекетті басқару тәжірибесінде құқықтық құндылықтарды пайдаланудың өркениеттік бағытымен байланысты. Мемлекеттіліктің этатистік бастауы жайлап, құқықтық бастаумен толықтырылды. Бірақ ол көп уақытқа дейін бастаушы бағытымен негізгі болып қала берді. Этатистік бастауды ығыстыру арқылы құқықтық бастау өзіне жол ашты. Дегенмен де кейбір жағдайларда бұл екі жол да бір шатыр астында болуы және өмір сүруі де мүмкін. Бірақ бұл қорытындыларымыз құқықтық бастаулардың шынайы өркениеттік тұрғыдағы көрінісінен этатизмнің қарама-қайшылығы екендігіне күмәнданбаймыз. Этатизмді еңсеру және құқықтық бастаманы бекітуді өзара әрекеттестіру – бұл адамгершілік ұстанымындағы мемлекет, яғни құқықтық мемлекетті қалыптастырудың бағыты болып табылады.

Мемлекеттің құқықтық бастамасын қалыптастыру және дамыту мен бекіту үрдісін қарастыра отырып, саналы түрде келесі бағыттарға жол ашуға болады. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру бағытында мынадай үш жазықтықты көрсету қажет:

- теоретикалық-идеологиялық сферадағы мемлекеттік - құқықтық түсінік пен заңдық санадағы идеялар мен көзқарастар эволюциясы белгіленген содан соң әрі қарай дамыған;
- мемлекеттік билікке қатысты әртүрлі тұрғындардың менталитеті мен көзқарастарының біртіндеп өзгеруі;

- құқықтық мемлекет қағидаларына жақын келетін әділеттілік, келісімдік және қоғамдық консенсусқа жету, мемлекеттік демократизация элементтері жүйесін тәжірибе жүзінде қайта қалыптастырудың үдемелілігі;

Жоғарыда аталған эволюциялық бағыттар бірінің артынан бірі, бір-біріне қолдау көрсете отырып, өз әрекеттерін тоқтатпай әрқайсысы нәтижені толықтырды.

Мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасы либерализм мен этатизм қағидалары арқылы танылады. Этатизм қоғам үстінен қарайтын жеке адамның мүддесін барынша мемлекет мүддесіне бағындыруды насихаттайтын және қоғамда мемлекет ролін абсолюттендіретін идеология мен көзқарас ретінде сипатталады.

Этатизм (француз тілінен аударғанда «etat» – «мемлекет» деген ұғымды береді) – елдің экономикалық және саяси өміріне мемлекеттің белсене араласуын білдіретін батыс елдерінің саясаттану ғылымындағы тұжырым. Этат тұжырымы дамушы елдерде де таралған. Этатизм ұғымына сәйкес тек мемлекет қана экономикалық дамуды ілгері бастыра алады. Ол өндірісті жаңғыртуды қамтамасыз етіп, этностық бытыраңқылықты, трайбализмді және сеператистік бағыттарды жоя алады. Ұлттың бірлігін қамтамасыз етіп, елдің тәуелсіздігін нығайтады[4].

Мемлекет өзінің табиғи, функционалдық ерекшеліктеріне орай экономикалық дамудың күшті факторы бола алады. Этатизм - бұл мемлекеттің экономикаға ықпалы және ол айқын формада барлық мемлекеттерде болады, ал кейбір мемлекеттердің қызметінде басты болып барлығын қамтиды. Этатизм қауымдастықтың тіршілік әрекеті үшін қажетті бағдарламалық мәселелерді, мақсаттарды шешуге қажетті күштерді жұмылдыруға мүмкіндік береді. Мәселен, экономика саласында — бұл мемлекеттің экономикалық қуаты мен экономикалық дербестігінің артуы, ішкі рынокты қорғауы, әлемдік қауымдастықта экономикалық белсенділігін қамтамасыз етуі және т.б.

Этатизмнің мәні - мемлекет саяси жүйенің орталық звеносы бола отырып және қоғамның дамуының қайнар көзі ретінде қоғамға қатысты белсенді ұстанымды иелену міндетімен көрініс табады. Ал, либерализм нарыққа негізделген ерікті бәсекелестікте мемлекет ролінің қажеттілігін реттеп отыратын саясат пен идеология ретінде сипатталады. Либерализм нақты мемлекет тарапынан күштеу мен шектеу болмаса, қоғамда ынтымақтастық та, өркениеттілік те болуы мүмкін емес деп есептейді. Алға қойған мақсаттарға жетуде мемлекеттің күшін әлсіретуге жол берілмеуі керек. Осыған орай этатизм қағидасы қоғамда өндіріс құралдарына жеке меншіктің болатындығын, демократия мен жеке бостандықтың, сөз және баспасөз бостандығының өмір сүретіндігін жоққа шығармайды.

Этатизм өз мәнінде бірнеше маңызды артықшылықтармен иеленсе, сондай-ақ бірнеше мәнді кемшіліктері де бар. Мысалы, құқық нормативтік құқықтық актіде көрсетіледі және ол орындалуға жатады. Ал, басқа жағынан қарағанда заң кез-келген мазмұнда болуы мүмкін. Қазіргі қоғам этатизм элементсіз болуы мүмкін емес. Әлеуметтік-құқықтық мемлекеттің түсінігі әлеуметтік-әділеттілік қағидасының үдемелі үндестігін және құқықтық мемлекеттегі болатын этатизм мен либерализм идеясының үндестігін көрсетеді.

Сондықтан да дамыған азаматтық қоғамсыз демократиялық құқықтық мемлекет құру мүмкін емес, себебі ерікті сана-сезімдері жоғары дамыған азаматтар ғана адамзаттың үйлескен барынша тиімді өмір сүру ортасын қалыптастыра алады.

«Этатистік мемлекет диктатқа, қоғамды қатаң бақылауға алуға жүгіне отырып оның ісіне араласады да, азаматтық қоғамға айналуына кедергі келтіреді. Этатизмнің тамырын жою және мемлекеттің құқықтық бастауларының пайда болуы азаматтық қоғам құруға ықпал етеді, ол өз алдында құқықтық мемлекет құрудың жеделдетілген үрдісінің маңызды материалдық алғы шарты болып табылады».[5,54] Демократиялық қоғам қағидасына қайшы келмейтін этатизм қағидасын елімізде дұрыс қолдану мемлекетке барынша тиімді түрде қоғаммен әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. М. Т. Баймаханов «Проблема этатизма и ориентация на преимущественное использование правовых ценностей» // Правовая реформа в Казахстане информационно-аналитический журнал, 1999г
2. Вайсберг Л. М. Идея правого государства и проблема этатизма // Известия
3. Л.М. Вайсберг көрсетілген жұмыста. – 21 б.
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, X том

5. М. Т. Баймаханов Становление правового государство и конституционный процесс в Республике Казахстан, Алматы, КазГЮА, 2001г

6. Щекотихин В.Н. Этатизм и его роль в укреплении современной государственности: зарубежный опыт и Российские тенденции // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4: История. Регионоведение. Международные отношения №1, 2008г

## FEATURES OF THE FORMATION OF ANTI-CORRUPTION CULTURE AMONG STUDENTS

*Tuyakova N.B., senior teacher at department of theory and history of state and law  
Ilyassova A.A., second year student of E.A. Buketov Karaganda State University*

Among the global problems of our time, on the solution of which the further development of the world community depends, the problem of corruption is one of the most acute. This problem in recent years has become widespread and has affected all spheres of public life (economic, political, cultural, educational, health care).

Corruption, being a negative social phenomenon, is reflected in the legal system of the state, the legal norms of which are designed to regulate social relations characterized as corruption. One of their distinctive features is great public importance and the harm caused to the normal functioning of society and the state as a whole.

Thus, in accordance with the State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for years 2011-2020, approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of December 7, 2010 No. 1118, higher education plays an important role in providing professional training of competent and competitive specialists for all sectors of the republic's economy in integration with science and production [1].

However, the majority of employers, as well as society as a whole, are not satisfied with the quality of training of specialists produced by universities. Educational programs do not always meet the expectations of employers and do not meet the needs of the economy. The main cause of this problem is corruption.

The public danger of corruption in education is due to a number of circumstances.

First, a large number of citizens participating in education face various manifestations of corruption practically from the moment of birth of a child, then at school until they graduate from the university, defending a thesis and dissertation.

Secondly, it is precisely in the field of education that corruption is reproducible, it brings up nihilism in relation to law in pupils, students, graduate students, the desire to repeat the easiest way of obtaining money and other material goods. Therefore, when confronted with the head of an educational institution, who takes a bribe, a student does not consider such acts harmful or socially dangerous, but, on the contrary, considers them useful for himself and the most dangerous thing is that he is not averse to repeating such actions in the future as an office-holder.

Thirdly, a significant amount of the population is involved in corruption in the field of education, which, in turn, commits similar offenses in its professional fields, as well as educates nihilism in students in relation to law, to acts of state bodies and authorities. Having passed the "Higher School of Corruption", the student brings the experience of criminal relationships to his further "adult" life and considers corruption to be the norm of behavior and builds a corrupt state.

Fourthly, corruption is dangerous devaluation of higher education [2].

Since gaining state independence, Kazakhstan has consistently and step by step pursued the course towards the creation of effective, international standards-compliant institutions and mechanisms to combat corruption. Since 2015, an analysis of corruption risks has been carried out at the Ministry of Education and Science, based on the results of which specific recommendations were made to eliminate the identified risks. Additionally assistance and provision of methodological assistance to the implementation of educational programs on anti-corruption education and upbringing, informational and explanatory activities, and the implementation of the state social order aimed at creating an anti-corruption culture is provided.

Since the beginning of 2017, according to the information provided, in the regions the territorial departments conducted more than 500 events aimed at clarifying the procedure for conducting internal analysis (seminars, round tables, lectures and meetings). For the first time the Law "On Countering